

Бекітемін: 

«Талпын» инкпозивті оналту балабақшасы

директор Махутова М.Х.

«20»  2025 ж.



Жалпы сөйлеу тілі дамымаған 1 деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық және жеке  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің

2025-2026 оқу жылына арналған логопедтің перспективалық жоспары

Логопед: Атабаева Н.О.

### Түсінік хат

Перспективалық жоспар жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) І-деңгейдегі 3-4 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар ЖСТД І-деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

Міндеттері:

- *Импрессивті сөйлеу*: Қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін түсіну, бір және көп затты ажырата білу, нұсқауларды орындау, қарама-қарсы әрекеттерді қимылмен көрсету, лексикалық тақырыптарға сәйкес сөздерді меңгеру.
- *Экспрессивті сөйлеу*: Бір және екі буынды сөздерді айту, ашық буындарды қайталау, қарапайым сын есімдерді қолдану, бұйрық райды пайдалану, зат пен сын есімді сәйкестендіру, қарапайым грамматикалық формаларды қолдану.
- *Байланыстырып сөйлеу*: Сурет бойынша сөйлем құрастыру, қарапайым 2–3 сөздік сөйлемдерді айту, қимылды сөзбен толықтыру, сұраққа қысқа жауап беру, қысқа тақпақтар мен тіркестерді жаттау, сөйлеуде морфологиялық элементтерді пайдалану.
- *Фонематикалық түсініктер*: Қарапайым дыбыстарды тыңдап ажырату, жануарлар дауыстарын тану, артикуляциялық жаттығулар орындау, ұқсас сөздерді ажыратып айту, бір және екі буынды ашық сөздерді анық айту.
- *Коммуникативтік дағдылар*: Ым-ишараны қолдану, дайын сұрақ-жауап үлгілерін пайдалану, сыпайылық формулаларын меңгеру, эмоцияны бет-әлпеттен тану және білдіру, отбасымен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу, қарапайым диалогке қатысу.

Бағдарламаның құрылымы:

Бағдарлама екі кезеңге бөлінеді: I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): сөйлеудің қарапайым құрылымдарына үйрету, сөздік қорды байыту, фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын қалыптастыру, қарым-қатынаста ым мен сөзді қатар қолдануға дағдыландыру. II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): алғашқы кезеңде меңгерген білім, білік, дағдыларды бекіту, сөйлем құрылымдарын күрделендіру, сөздік қорды кеңейту, балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Жыл соңында балалар:

- қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін түсінеді және қолдана алады;
- бір және көп затты ажыратады, нұсқауларды орындайды;
- 1–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады;
- дыбыстарды және буындарды ажыратып, анық айтады;
- қысқа тақпақтар мен сөз тіркестерін жатқа айтады;
- ересектермен және құрдастарымен сөз бен ым арқылы қарапайым диалогке қатысады;
- эмоцияны сөзбен және мимикамен жеткізе алады.

Бағдарлама логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

| Айы             | апта            | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет                                        | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-----------------|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Қыркүйек</b> | <b>1-2 апта</b> | <b>Диагностика</b>                                                               | <b>1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|                 | <b>3 апта</b>   | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бір және көп затты ажыратуды сурет бойынша үйрену: «Бір доп – көп доптар», «Бір алма – көп алмалар»;</li> <li>- «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> </ul>                                                                                                                                                                       |
|                 |                 | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Зат + әрекет құрылымындағы қарапайым сөйлемдерді ересекпен бірге қайталауды немесе суретке қарап айтуды қалыптастыру (мысалы: «Ата отыр», «Апа отыр»);</li> <li>- Ым-ишара арқылы табиғи «Сәлем» жесті арқылы амандасуды үйрету;</li> </ul>                                                                                                                 |
|                 | <b>4 апта</b>   | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Заттың негізгі бөліктерін көрсетуге үйрету; (құлақ, көз, аяқ, дөңгелек)</li> </ul>                                                                                                                                                                                                |
|                 |                 | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ойыншық + әрекет (бер, ал) құрылымындағы қарапайым сөйлемдерді ересекпен бірге қайталауды немесе суретке қарап айтуды қалыптастыру (мысалы: «Допты бер», «Допты ал»);</li> <li>- Қарапайым дыбыстарды тыңдау және қайталауға үйрету (ысқырық, қоңырау, сағат тықылы, ит үру);</li> <li>- Қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауға үйрету;</li> </ul> |
| <b>Қазан</b>    | <b>1 апта</b>   | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Жекеше түрді суреттің көмегімен танып түсіну (мысалы: «Бала отыр», «Қоян жүгіріп жүр»);</li> </ul>                                                                                                                                                                                       |
|                 |                 | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суретке қарап бір әрекетті сипаттауға үйрету: «Бала жапырақ терді» қимылмен көрсетіп, сөйлеумен толықтыру (баланың өзі қолмен көрсетіп – «ішіп жатыр» деп айту);</li> <li>- Қарапайым табиғат дыбыстарды тыңдау және қайталауға үйрету (жел соқты, жаңбыр жауды);</li> </ul>                                                                                |

|  |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <b>2 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Түсі бойынша топтауды дағдыландыру (барлық қызыл заттар, сары көкністер);</li> </ul>                                                                                                                                                                                           |
|  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суретке қарап бір әрекетті сипаттауға үйрету: «Бала картоп қазды» қимылмен көрсетіп, сөйлеумен толықтыру;</li> <li>- Ым-ишарамен (бас изеу, көрсету) және қарапайым сөзбен әрекетке жауап беруін дағдыландыру: мысалы: «Бер» дегенде — қызанақты беру; «Кел» дегенде — бала жақындайды;</li> <li>- Тұрмыстық дыбстарды естіп жаратуға үйрету;</li> </ul> |
|  | <b>3 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Жекеше түрді суреттің көмегімен танып түсіну (мысалы: «Анам алма жуды», «Қыз алма жеді»);</li> <li>- Қарапайым қарама-қарсы әрекеттерді қимылмен көрсету арқылы түсіну (мысалы: отыр – тұр, жүр – тоқта);</li> </ul>                                                             |
|  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дайын үлгі сұрақтарды жатқа айту және сұраққа жауап беру: «Бұл не?» – «Алма» «Бұл кім?» – «Ана»;</li> <li>- «Қай дыбыс қайдан шықты?» – дыбысты тыңдап, ыммен немесе суретпен көрсетуін қалыптастыру;</li> </ul>                                                                                                                                         |
|  | <b>4 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Негізгі сөздерді ойын арқылы түсіну (мысалы: «үлкен алма»), кейін кішірейткіш формасын таныстыру («кішкентай алма»);</li> <li>- Қарама-қарсы қарапайым сын есімдерді айтуға үйрету (үлкен–кіші, жылы–суық);</li> </ul>                                                      |
|  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жай ыммен/көрсетумен қатар айтуға үйрету;</li> <li>- «Қай дыбыс шықты?» – музыкалық аспаптардың дыбыстарын тыңдап, ыммен немесе суретпен көрсетуін қалыптастыру;</li> </ul>                                                                                                                                                                              |

|               |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|               | <b>5 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Орман. Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Қарапайым қарама-қарсы әрекеттерді қимылмен көрсету арқылы түсіну (мысалы: отыр – тұр, жүр – тоқта);</li> <li>- Бір буынды сөздер айтуды қалыптастыру (ат, доп, нан);</li> </ul>                                  |
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарапайым, қысқа тақпақтың соңғы сөзін қайталауды қалыптастыру «Алма деймін ал қызыл, (балалар: Қолыңды бер тез бізге!))»</li> <li>- Дайын сұрақ-жауап үлгісін қолдану: – Бұл не? – доп. Қайда? – Міне, сөмкеде;</li> <li>- Адам шығаратын тілдік емес дыбыстарды естіп ажыратуға үйрету;</li> </ul> |
| <b>Қараша</b> | <b>1 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Дауысты дыбыстардан тұратын ашық буындарды айтуды анық айтуды қалыптастыру (а, ма, ба);</li> </ul>                                                                                                                      |
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту «Кім?», «Не?» сияқты қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сурет көрсетіп.</li> </ul>                                                                                                                                              |
|               | <b>2 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Жекеше зат есім мен етістік қолдануға (түсінуге) үйрету: «Қоян секіреді», «Бала жейді»;</li> </ul>                                                                                                                       |
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту «Кім?», «Не?» сияқты қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</li> </ul>                                                                                                                                                              |
|               | <b>3 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Жекеше зат есім мен етістік қолдануға (түсінуге) үйрету: «Қоян секіреді», «Бала жейді»;</li> </ul>                                                                                                                         |
|               |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

|                  |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарапайым, қысқа тақпақтың соңғы сөзін қайталауды қалыптастыру «Алма деймін ал қызыл, (балалар: Қолыңды бер тез бізге!)»</li> <li>- Екі буынды қарапайым сөздерді айтуға ынталандыру: мама, ата, апа;</li> </ul>                                                    |
|                  | <b>4 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Сөзжасамның алғашқы дағдыларын дайын сөздерді қолдануға үйрету (үй, ит, доп);</li> <li>- Заттың иесін көрсету (менің добым, анамның сөмкесі) – көрсетіп, қайталауға дағдыландыру;</li> </ul> |
|                  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға оқыту: көңіл күйді бет-әлпетпен білдіру (қуану);</li> </ul>                                                                                                |
|                  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Сөзжасамның алғашқы дағдыларын дайын сөздерді қолдануға үйрету (қыс, қар, шана, доп);</li> </ul>                                                                                                 |
| <b>Желтоқсан</b> | <b>1 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға оқыту: көңіл күйді бет-әлпетпен білдіру (қуану, ренжу);</li> </ul>                                                                                         |
|                  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды үлкен/кіші затты көрсетуге дағдыландыру (доп – допша);</li> </ul>                                                                           |
|                  | <b>2 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бір-екі жолдық жаттанды тіркесті есте сақтауға дағдыландыру;</li> <li>- Екі буынды қарапайым сөздерді айтуға ынталандыру: мама, ата, апа;</li> </ul>                                                                                                                |
|                  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту |                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|  |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                     |
|--|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <b>3 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Табыс септігін қолдануды қалыптастыру («допты ал», «мысықты көр»);</li> </ul> |
|  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бір-екі жолдық жаттанды тіркесті есте сақтауға дағдыландыру;</li> <li>- Екі буынды қарапайым сөздерді айтуға ынталандыру: мама, ата, апа;</li> </ul>       |
|  | <b>4 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Қарапайым бұйрық формасын қолдануын алыптастыру («кел», «ал», «тұр»);</li> </ul>    |
|  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суреттегі кейіпкердің эмоциясын тануын қалыптастыру (күліп тұр — қуанышты);</li> <li>- Екі буынды сөздерді айтуға ынталандыру: мама, ата, апа;</li> </ul>  |
|  | <b>5 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Зат + сын есім (үлкен үй, қызыл алма) сәйкестендіруге дағдыландыру;</li> </ul>  |
|  |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суреттегі кейіпкердің эмоциясын тануын дамыту (мұңайып тұр — мұңды);</li> <li>- Екі буынды сөздерді айтуға ынталандыру: мама, ата, апа;</li> </ul>         |

Педагог-логопед:

| Айы    | апта   | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет                                        | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                |
|--------|--------|----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қаңтар | 1 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Жиһаз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Жиһаз тақырыбы бойынша суретпен жұмыс арқылы қарапайым сөздерді тануын қалыптастыру (шкаф, сөре, тартпа);</li> <li>- Бір затты атауға үйрету («алма», «доп»);</li> </ul> |
|        |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жануар дауыстарын тануын қалыптастыру (мяу, гав-гав);</li> <li>- Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2 сөздік сөйлемдер («Мысық отыр»);</li> </ul>                                                                                       |
|        | 2 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Ыдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Ыдыстар тақырыбы бойынша суретпен жұмыс арқылы қарапайым сөздерді тануын қалыптастыру (торсық, қасық, шанышқы);</li> </ul>                                             |
|        |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2 сөздік сөйлемдер («Ыдыс жуды»);</li> <li>- Дыбысталуы ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуға үйрету;</li> </ul>                                                                                      |
|        | 3 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Етістіктің негізгі формасын түсінуін дамыту (жеді, ішті);</li> <li>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (ал-ма, кес-пе)</li> </ul>                              |
|        |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 2–3 сөздік сөйлемдер («Мысық отыр», «Ана тамақ ішіп отыр»);</li> <li>- Бір және көп дыбыстарды ажырату;</li> </ul>                                                                                   |
|        | 4 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Етістіктің негізгі формасын түсінуін дамыту (жеді, ішті);</li> <li>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (бур-гер, ба-нан);</li> </ul>         |

|              |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 3 сөздік сөйлемдер ( «Ата қымыз ішіп отыр»);</li> <li>- Дыбысталуы бір біріне ұқсамайтын бір және 3 буынды сөздерді ажырату;</li> </ul>                                                                                             |
| <b>Ақпан</b> | <b>1 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Құралдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- «Кеше не істедің?» «Ойнадым» деген жауапты жаттауға үйрету;</li> <li>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (тыр-ма, а-ра, кет-пен);</li> </ul>                                                    |
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жайылма сөйлем құрастыруды қалыптастыру: 3 сөздік сөйлемдер ( «Ата тырмалап жатыр»);</li> <li>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын бір және екі буынды сөздерді ажырату;</li> </ul>                                                                                            |
|              | <b>2 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- «Кеше не істедің?» «сурет салдым» деген жауапты жаттауға үйрету;</li> <li>- Екі буынды сөздерді анық айтуға үйрету (кір-піш, дә-рі, су-рет, са-бақ);</li> </ul>     |
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қысқа тақпақтарды жаттау: соңғы сөзін қайталауға үйрету;</li> <li>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын екі және үш буынды сөздерді ажырату;</li> </ul>                                                                                                                         |
|              | <b>3 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштараз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Зат есімнің (табыс септігін еркін қолдануын бекіту (допты, сәбізді);</li> <li>- «Кім?», «Не?» сұрақтарына бір сөзбен жауап беруге үйрету;</li> </ul> |

|               |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қысқа тақпақтарды жаттау:соңғы сөзін қайталауға үйрету;</li> <li>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын бір буынды екі сөздерді ажырату;</li> </ul>                                                                                                                            |
|               | <b>4 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Етістіктердің мағынасын өзгертетін қосымшаларды түсіну -ды/-ді жалғауын тануды қалыптастыру («жеді», «алды»);</li> <li>- «Кім?», «Не?» сұрақтарына бір сөзбен жауап беруге үйрету;</li> </ul> |
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қысқа тақпақтарды жаттау:соңғы сөзін қайталауға үйрету;</li> <li>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын екі буынды екі сөздерді ажырату;</li> </ul>                                                                                                                            |
| <b>Наурыз</b> | <b>1 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Етістіктердің мағынасын өзгертетін қосымшаларды түсіну -ды/-ді жалғауын тануды қалыптастыру («жеді», «алды»);</li> </ul>                                                                             |
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бет-әлпеттен қуаныш/ренішті тануға үйрету;</li> <li>- Дыбысталуы бір-біріне ұқсамайтын үш буынды сөздерді ажырату;</li> </ul>                                                                                                                                              |
|               | <b>2 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Жыл құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің» сөздерін көрсету;</li> </ul>                                                                              |
|               |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту арқылы Ана, әке сөздерін айтуға үйрету;</li> <li>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру (доп – топ);</li> </ul>                                                                                                   |
|               | <b>3 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету;</li> </ul>                                                                 |

|       |        |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                       |
|-------|--------|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | 4 апта | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту арқылы Ана, әке, апа, ата сөздерін айтуға үйрету;</li> <li>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру;</li> </ul>       |
|       |        | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өткен лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- «Кеше не істедің?» сұрағына қысқа жауап беруге үйрету;</li> </ul>                                       |
|       |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Отбасымен қарым-қатынас жағдайындағы дағдыларын дамыту арқылы Ана, әке, аға, іні, әпке сөздерін айтуға үйрету;</li> <li>- Ұқсас сөздерді қайталауға дағдыландыру;</li> </ul> |
|       |        |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                       |
| Сәуір | 1 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Бұйрық райды қолдануды үйрету (Бар! Суреттен көрсету);</li> </ul>                                      |
|       |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өз әрекетін сипаттауға үйрету: бір сөзбен айту (ойнадым);</li> <li>- Ашық 2 буынды сөздерді анық айтуын дамыту айту (мама, ата);</li> </ul>                                  |
|       | 2 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Ағаштар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Бұйрық райды қолдануды үйрету (Бер! Суреттен көрсету);</li> </ul>                                     |
|       |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өз әрекетін сипаттауға үйрету;</li> <li>- Ашық 2 буынды сөздерді анық айтуын дамыту айту (е-мен, а-ғаш);</li> </ul>                                                          |
|       | 3 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Жәндіктер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Бұйрық райды қолдануды үйрету:Тұр! Отыр!;</li> </ul>                                                |
|       |        | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құрдаспен қарым-қатынас орнатуды дамыту: «Сәлем!», «Бер!» деген командаларды қолдану.</li> <li>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету;</li> </ul>              |
|       | 4 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Зообак» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Бұйрық райды қолдануды үйрету:Жат! Жүр!</li> </ul>                                                     |
|       |        |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                       |

|              |               |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құрдаспен қарым-қатынас орнатуды дамыту: «лақтыр!», «Ұста!» деген командаларды қолдану;</li> <li>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету;</li> </ul>                                            |
|              | <b>5 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Теңіз мекен етушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Бұйрық райды қолдануды үйрету: Жүгір! Тоқта!;</li> </ul>                                                                |
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану);</li> <li>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету;</li> </ul>                                                                  |
| <b>Мамыр</b> | <b>1 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету;</li> </ul> |
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу);</li> <li>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету;</li> </ul>                                                           |
|              | <b>2 апта</b> | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету;</li> </ul>       |
|              |               | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу, таң қалу);</li> <li>- Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету;</li> </ul>                                                 |

Педагог-логопед:

